

Қой-ешкі малдарынан бруцеллез ауруының шығуына байланысты Карағандыкөл, Тассай, Үлкенбөкен селолық округтеріне, қой-ешкі және ірі қара малдарының бруцеллез ауруының шығуына байланысты Көкжайық селолық округіне шектеу қою туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 28 қыркүйектегі N 325 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Көкпекті аудандық Әділет басқармасында 2009 жылғы 03 қарашада N 5-15-61 тіркелді. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 791 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Көкпекті ауданы әкімдігінің 2010.11.29 N 791 қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 Заңының 10 бабының 2 тармағының 9 тармақшасын, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 31 бабының 1 тармағының 18 тармақшасын басшылыққа ала отырып, Көкпекті ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қой-ешкі малдарының бруцеллез ауруынан Көкпекті ауданының Карағандыкөл, Тассай, Үлкенбөкен селолық округтері, қой-ешкі және ірі қара малдарының бруцеллез ауруы бойынша Көкжайық селолық округі қолайсыз елді-мекен ретінде саналып, шектеу қойылсын.

2. Қой-ешкі малдарының бруцеллез ауруынан Карағандыкөл, Тассай, Үлкенбөкен селолық округтерін, қой-ешкі және ірі қара малдарының бруцеллез ауруынан Көкжайық селолық округін тазарту мақсатында 2009 жылға арналған кешенді іс-шаралар жоспары бекітілсін (қосымша).

3. Бруцеллез ауруын түпкілікті жою мақсатында Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министірлігі Агроөнеркәсіп кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясы бастығына (С.Н. Мұқашев) (келісімі бойынша), Шығыс Қазақстан облысы ҚР ДСМСЭҚҚД Көкпекті ауданы бойынша басқармасының бастығы (М.Қ. Садуақасова) (келісімі бойынша), аудандық ауыл шаруашылық бөлімінің бастығына (Қ.Н. Орсаяев) шектеулік іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

4. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығына (Т.М. Закирьянов) (келісім бойынша) ауыл шаруашылық малдарын Карағандыкөл, Тассай, Үлкенбөкен, Көкжайық селолық округтерінің аумағына кіргізу мен шығарылуын қадағалауды қамтамасыз ету ұсынылсын.

5. Карағандыкөл селолық округі әкімінің міндетін атқарушысына (Қ.Н. Қадырбекова), Тассай селолық округінің әкіміне (М. Әңкебаев), Үлкенбөкен селолық округінің әкіміне (Р.Қ. Баймолдина), Көкжайық селолық округінің әкіміне (М.Қ. Қалиқанов), Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министірлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Көкпекті аудандық аумақтық инспекциясының бастығына (С.Н. Мұқашев) (келісім бойынша) атқарылған шаралардың орындалуы туралы ақпаратты аптасайын беріп отыру міндеттелсін.

6. Осы қаулы бірінші рет ресми түрде жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

7. Қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Рәмзи Сабырұлы Беспаяевқа жүктелсін.

Көкпекті ауданының әкімі Д. Мусин
Көкпекті ауданы әкімдігінің
2009 жылғы 28 қыркүйектегі
№ 325 қаулысына
Қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Көкпекті ауданының қолайсыз пунктерінде ұсақ мүйізді және мүйізді ірі қара малдарын бурцеллез ауруынан сауықтыру шараларының кешенді жоспары

№	Іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі	Орындаушы
	1. Ұйымдастыру шаруашылық шаралары		
1	Эпизоотиялық жағдайды зерттеу, селолық округтер бойынша қан алу кестесін жасап, бекіту	Қыркүйек	Селолық округі, мемлекеттік ветеринарлық инспекторы
2	Санақ жүргізіп, барлық ауыл шаруашылық малдарының басын анықтап, ережесіне сәйкес бірдейлендіру жануарларды сырғалау	Үнемі	Селолық округі, селолық округтің мемлекеттік ветеринарлық инспекторы, мал-дәрігері, лицензиат, иелері
3			Селолық округі, мемлекеттік ветеринарлық инспекторы,

	Ауыл шаруашылық малдарының бақылаусыз қозғалысына жол бермеу	Сауықтыру кезеңінде	жануарлардың иелері
4	Аурудан қолайсыз ауылдық округтерінде жұмысшылар мен ауыл шаруашылық малдарының иелері арасында санитарлық ережелер, жеке бас гигиенасын сақтау, бруцеллезге қарсы шаралар жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу	Үнемі	Ауылдық округ әкімі, мемлек ветинспекторы, аудандық бөлімінің (ке. бойынша)
5	Ауру мал шыққан үйдің бруцеллез ауруына адамдарын жұмыстарын тексеру ұйымдастыру жүргізуді	Сауықтыру кезеңінде	Ауылдық округ әкімі, Көкі аудандық меди бірлестігі
6	Аулаларда жануарлармен жұмыс істегенде санитарлық ережелерді сақтау, жұмысшыларды арнайы киімдермен (халат, резеңке қолғаптар) және т.б. қорғаныс заттармен қамтамасыз ету	Сауықтыру кезеңінде	Мал шаруашылығы иелері
7	28.04.2003 жылғы № 407 қаулысына сәйкес ауруға малдарды тасымалдауды арнайы жерлерде көзін және ұйымдастыру жоюды	Малдар әр оң таңба берген жағдайда	Ауылдық округ әкімі, мемлек ветинспекторы
	II. Ветеринарлық-санитарлық іс-шаралар		
1	Зертхана сараптамасы нәтижесіне сәйкес қолайсыз аулаларда ауру малдарды анықтап көзін жою	Сауықтыру кезеңінде	Ауданның мемлекеттік ветиспекторы, ауылдық округ мемлекеттік ветинспекторы
2	Шектеу шарты бойынша Аудан әкімінің қаулысы бойынша тиым с а л ы н а д ы : - жануарларды аурудан қолайсыз аумақ арқылы өткізуге; - дені сау малдарды аурудан қолайсыз аумаққа кіргізуге; - арудан қолайсыз аумақтан ш ы ғ а р у ғ а ; - бруцеллез ауруымен ауырған малдарды 5 тәуліктен жоғары ұ с т а у ғ а ; - ауылдық округтің мемлекеттік ветинспекторы рұқсатынсыз ауру малдарды бір жерден, екінші жерге ауыстыруға;	Сауықтыру кезеңінде	Ауданның мемлекеттік ветинспекторы, ауылдық округ әкімі, мемлек

	- ауру шыққан аймақтан мал азықтарын дайындап, шетке шығаруға		ветинспекторы, иелері
3	Ауылдық округтің ветинспекторы нұсқамасы бойынша ауру малдардың көзі жойылғанша жеке ұстау	Сауықтыру кезеңінде	Ауданның мемлекеттік ветинспекторы, ауылдық мемлекеттік ветинспекторы, иесі окр:
4	Аулаларды және мал тұратын орындарды механикалық тазалап, төсеніштерді және ауру малдардың азық қалдықтарын өртеу. Көңдерді биотермиялық әдіспен залалсыздандыру	Сауықтыру кезеңінде	Ауылдық окр: әкімі, ветинспекторы, мал иелері
5	Ауру мал шыққан жерде мал тұратын орындарға және жеке меншіктегі ауруларға механикалық тазалаудан кейін, дезинфекция жұмыстарын жасау	Малдар оң таңба берген әрбір жағдайда	Ауылдық окр: мемлекеттік ветинспекторы, иелері
6	Мал тасымалдаған көліктерді және малдың көзі жойылған жерге дезинфекция жұмыстарын жасау	Үнемі	Ауылдық окр: мемлекеттік ветинспекторы
	III. Арнайы іс-шаралар		
1	Жануарлардың түгендеу нөмірлері тізімдемесіне сәйкес 15-20 күн аралығында қайталап екі рет теріс нәтиже алғанша бруцеллез сауықтыру әдістерімен серологиялық диагностикалық зерттеулер жүргізу	Бекітілген кестеге сәйкес сауықтыру кезеңінде	Ауылдық окр: ветинспекторы, мал-дәрігері лицензиат
2	Зертханалық нәтижесінен кейін 5 сараптау тәулік ішінде ауру малдарды жеке ұстау	Сауықтыру кезеңінде	Ауданның мемлекеттік ветинспекторы, ауылдық ветинспекторы окр:
3	Оң таңба берген малдардың 5 тәулік ішінде көзін жою	Сауықтыру кезеңінде	Ауданның мемлекеттік ветинспекторы, ауылдық ветинспекторы окр:
4	Аурудан қолайсыз барлық аулаларға қорытынды дезинфекция сапасын зерханалық анықтау	Қазан айы	Ауылдық окр: ветинспекторы
5	Бруцеллез ауру шыққан қолайсыз пунктерге сауықтыру жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз ету	Қараша айына дейін	Ауданның мемлекеттік ветинспекторы, ауылдық мемлекеттік ветинспекторы окр:

инспекция бастығы *Көкпекті аудандық аумақтық*
С.Н. Мұқашев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК